

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының  
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің өзін-өзі бағалау інтижелерінің  
**КОРЫТЫНДЫСЫ****

**Ақкөл  
2023**

Қазақстани Республикасы  
Ақтөбе облысы  
Әйтеке би ауданы  
Аккөл ауылы  
«Абай атындағы жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ



Республика Казахстан  
Ақтөбинская область  
Айтекебийский район  
село Акколь  
КГУ «Общеобразовательная  
средняя школа имени Абая»

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аккөл ауылы, Абай көшесі, 1  
телефон: 8 (71339)-72-3-40,

Аккөл ауылы

03.09.2023 жыл


**БҮЙРЫҚ № 23-Ө**

**«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің  
білім беру қызметін өзін-өзі бағалаудың отқізу туралы»**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсан №486  
бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473  
бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта  
білімнен кейінгі, діни білім беру үйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік  
талаптарын және оларға сәйкестікі растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан  
Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім сапасында сапаны қамтамасыз ету комитетінің  
2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосынша «Білім беру үйымдарының өзін-өзі  
басқару үйымдастыру және отқізу жөніндегі әдістемелік ұсынмадарды бекіту туралы» және  
2023 жылғы 06 қыркүйек күнгі отқізілген кезектен тыс отқізілген пед.кенестің №2 хаттамасы  
шешемі негізінде

**БҮЙРЫРАМЫН:**

1. «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 2023 жылдың 01-31 казан  
күндері аралығында 2022-2023 оқу жылының білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды  
отқіzlісін.
2. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды отқізу комиссиясының құрамы бекітілсін.
  1. Г.С.Жетбисова – мектеп директоры, комиссия төраимы
  2. А.К.Айтмаганбетова – директордың оқу ісі-жөнінде орынбасары
  3. А.К.Калиева - директордың тәрбие ісі-жөнінде орынбасары
  4. К.Б.Түлепбергенова – мектеп психологі
  5. Т.А.Сагиндыков – АӘжТД пәні мұғалімі
  6. Б.О.Кенжебаева – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
  7. А.А.Әбдіжалиев – математика пәні мұғалімі
3. Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де өзін-өзі бағалауды  
жұмысының жоспары құрылым, бекітілсін.
4. Мектептің өзін-өзі бағалауды жұмысының корытындысы № 3 педагогикалық кенес  
отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.
5. Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды бойынша құжаттар интернет-ресурска  
уақытылы орналастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме калдырамын.



Мектеп директоры: Г.С.Жетбисова

## **Жалпы сипаттамасы**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім болімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Алғашқы мемелекеттік тіркеу күні:

09.06.1997 ж.

БСН: 970640001416

Берілген күні: 16.01.2021 ж.

Мемлекеттік лицензия «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім болімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген.

Лицензияның берілген күні 2021 жылғы 26 қантар № KZ78LAA00020234

Лицензияр: «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі

Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанындағы №469 қаулысымен бекітілген. Тіркеу номірі 156-1904-16 ММ

Мектептің мекен-жайы: 030102, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Ақкөл ауылдық округі, Ақкөл ауылы, Абай көшесі №1 үй.

Тел-факс: 8-71339 72-3-40

Электронды адресі: Abai1989zh@yandex.kz Сайд: abai-aitekebi.edu.kz

Мектеп басшысы – Жетбисова Гулжайнар Салимгеревна байланыс телефоны: 8 777 840 34 25

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Меткеп ғимараты	1989 жылы салынған
Сыйымдылығы	464
Жалпы мәліметтері	Жалпы ауданы: 2676,7. Ғимарат ауқымы: 4691, Ғимараттың жалпы жұмыс ауданы-2564
қабаттылығы	3-қабатты
Жылу жүйесінің түрі	Газ отынында
Сүмен қамтамасыз етілуі	орталықтандырылған
Білім беру тілі	қазақ
Педагог кадрлар саны	29
Кітапханышы	1
Іс-қағаз жүргізуши	1
Техникалық персонал саны	18
Мектептің материалдық-	

техникалық базасы	
Сынып бөлмелерінің саны	18
Оқу шеберханасы	1
Жана үлгідегі кабинеттер саны	3 физика, химия, биология
Интерактивті тақта	1/Жұмыс жасамайды/
Мектептің жұмыс уақыты	Жұмыстың басталуы: 8:00 мин Жұмыстың аяқталуы: 19:05 мин
Аудысым саны	2

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 11 класс комплектісінде – 112 оқушы, мектеп алды даярлық класында – 8 тәрбиеленуші білім алды.

Мектепте оқу-тәрбие процесінде білім алушыларга 29 педагог қызметкер білім берді.

Олардың 89 % жоғары білімді мамандар.

2017 жылы мектепке өрттен сақтандыру дабыл қаққышы қондырылды.

2020 жылы 24 бейнебақылау қондырылды.

Мектепке 2008 жылы (күны-3000 000 теңгеге) физика кабинеті, 2011 жылы (күны-3 955 000 теңгеге) химия кабинеті берілді. 2022 жылы Әйтке би ауданының білім бөліміне қарасты «М.Жұмабаев атындағы ЖОБМ» КММ-нің балансындағы 2009 жылғы (күны 4050000 теңгеге) биология кабинеті берілді. 2022 жылі панельді тақта 2 448 880 теңгеге алынды.

### **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

#### **12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**

- 1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабактар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-УОЖ) сәйкестігі;

(жұмыс оқу жоспары мен сабактар кестелерінің көшірмелері қоса берілді)

- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399) бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұны игерілді.

**3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді менгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;**

Абай атындағы жжалпы білім беретін орта мектебі 2022-2023 оку жылдарындағы тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бүйрығына 10-көсімша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтарын көздең Тұжырымдамалық негіздерге сай күрүлді.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бүйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды үйімдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне күрүлады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру үйімдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;

Мектеп окушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақта бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында; Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен окушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне онтайлы жағдай жасау. Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жоспарлары директор жанындағы отырыста, педагогикалық кеңесте, ғылыми әдістемелік кеңесте тәрбие жұмысын ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынып, 8 бағыт бойынша мектепшілік тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

- 1. Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
- 2. Рухани-тәнімдік тәрбие.
- 3. Ұлттық тәрбие.
- 4. Отбасылық тәрбие.
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие .
- 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу .
- 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық дәстүрлерін дәріптей отырып, жас жеткіншектердің бойына азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту мақсатында білім алушыларға 1-кыркүйек күнгі «Білімге үмтүлу, еңбексүйгіштік және отансүйгіштік» тақырыбындағы бірыңғай сыйнып сағатынан бастау алды.



Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту мақсатында білім алушыларға түрлі бағыттағы шаралар жоспарланып, өткізілген. «Адамгершілік – асыл қасиет», «Үлт болашағы білімді ұрпақ қолында», «Қарттарын қадірлекен ел ардақты!» тақырыбында ардагерлермен дөңгелек үстел, «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік!» тәрбие сағаттары, «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында әңгіме сағаттары, сонымен қатар рухани құндылықтарды дамыту мақсатындағы шаралар қарастырылып, танымдық сағаттар іске асырылып отырады. Солардың бірі «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы, «Менің отбасым - менің мақтанышым» тақырыбындағы танымдық шаралар түрлі форматта үйымдастырылды. **«Салауатты өмір салтын сактау», «Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында танымдық шаралар жүргізілді.**


«Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «бір ел - бір кітап» акциясы бойынша өткізілген шаралар оқушыларды қтіап оқуға құштарлығын арттыра отырып, адамгершілікке баулиды.

2022 жылдың 30-қараша күні Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президент күніне орай өткізілген шаралар

Жас ұрпақты өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеуге, адамгершілік сезімдерін қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, ел мен жердің қадір –қасиетін ұғындыруға тәрбиелеу мақсатында мектебімізде Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Осы жоспар аясында біршама іс-шаралар атқарылды. Кітапханашы Б.Аязбаева мектеп кітханасында «Тәуелсіздік- Мәңгілік Ел мұраты» тақырыбында кітаптар көрмесін үйымдастырыды. Көрменің басты мақсаты-оқушыларға отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру мен өз елінің тарихын сыйлауға үйрету болды. Бастауыш сынып жетекшілері 11-14 желтоқсан күндері «Менің Қазақстаным-менің болашағым» атты сынып сағаттарын өткізді. Сабактар әр алуан формада өтті. Сынып сағаттарының мақсаты- оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу болды.



Азаматтық – патриоттық бағытта жүргізілген шаралардың ішінде ерекше орын алатын 11-сыныпқа жүргізілген – «Далалық оку – жаттығу» бағдарламасы. Ер балаларды ұлтжандылыққа, патриотизмге баулиды.



**4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дene тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жынтығында сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын үйымдастыру**

2022-2023 оку жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саиси сауатын күшету бағытында үйрмелер өз жұмыстарын жүргізді. **Үйірме жұмыстары сабактан тыс уақытқа үйымдастырылған. Сабактан тыс жұмыстардың кестесі жасалды.** Білім алушылармен патриоттық, құқықтық және азаматтық сана-сезім, жеке бастандығы мен ар-намысының құндылығы, парасаттылық пен адалдық, еңбекке деген құрмет, «толық адам» қасиеттері және зорлық-зомбылық пен агрессиялық, адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымактастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, отбасы мүшелері арасындағы сыйластық, ұлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабактастығы, сүйіспеншілік, еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік, эстетикалық сана, эстетикалық талғам, зияткерлік ұстаным, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы, ақпараттық мәдениет, салауатты өмір салты, дene шынықтыру мен спортпен дene бітімін жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау бағытында іс-шаралар жоспарланып жүргізілді.. **Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау жұмыстары бойынша мониторинг, диаграммалар жасалған. Оқушылардың бос уақытын тиімді үйымдастыру мақсатында мектепте үйірме, секция жүргізіледі.**

Жыл сайын іске асырылып келе жатқан өз –өзіне қызмет көрсету жүйесіне негізделген, рухани адалдыққа тәрбиелейтін, сонымен қатар сыйбайлас жемқорлықтың алдын алып, парасаттылыққа баулып, адаптация болып қалыптасуына әсер ететін «Адалдық дүкені» өз уақытында жаңартылып отырады.



Азаматтық – патриоттық бағытта жүргізілген шаралардың ішінде ерекше орын алатын 11-сыныпқа жүргізілген – «Далалық оқу – жаттығу» бағдарламасы. Ер балаларды ұлтжандылыққа, патриотизмге баулиды.




**4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру**

2022-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын қүшету бағытында үйірмелер өз жұмыстарын жүргізді. **Үйірме жұмыстары сабактан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабактан тыс жұмыстардың кестесі жасалды.** Білім алушылармен патриоттық, құқықтық және азаматтық сана-сезім, жеке бастандығы мен ар-намысының құндылығы, парасаттылық пен адалдық, еңбекке деген құрмет, «толық адам» қасиеттері және зорлық-зомбылық пен агрессиялық, адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымактастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, отбасы мүшелері арасындағы сыйластық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабактастығы, сүйіспеншілік, еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, тұған табиғатқа деген сүйіспеншілік, эстетикалық сана, эстетикалық талғам, зияткерлік ұстаным, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы, ақпараттық мәдениет, салауатты өмір салты, дене шынықтыру мен спортпен дене бітімін жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау бағытында іс-шаралар жоспарланып жүргізілді.. **Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау жұмыстары бойынша мониторинг, диаграммалар жасалған. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте үйірме, секция жүргізіледі.**

Жыл сайын іске асырылып келе жатқан өз –өзіне қызмет көрсету жүйесіне негізделген, рухани адалдыққа тәрбиелейтін, сонымен қатар сыйбайлас жемқорлықтың алдын алып, парасаттылыққа баулып, адаптацияның әсер ететін «Адалдық дүкені» өз уақытында жаңартылып отырады.



Білім алушылардың көркемдік – эстетикалық қабілеттерін шындау үшін турлі көрмелер ұйымдастырылды.



Окушылардың бойында азаматтық – патриоттық бағытты ныгайту, еңбеккорлыққа үйрету мақсатында құрылған «Қоғамға қызмет» волонтерлер клубы әркез жалғызбасты аналарға, көмек қажет ететін қарттарға көмектесіп, ауласын қардан, қоқыстан тазартып береді.


Жоспар бойынша шараптар 8 бағытта өз дәрежесінде, жан – жақты өткізіліп келеді.

Карттарызды құрметтеу – баршамыздың азаматтық борышмызы, әрі адамгершілік құндылығымыз. Карттар мерекесіне орай окушылардан құралған мектеп парламенті, өзін – өзі басқару үйимы қарттар үйіне барып, жүрек жарды тілектерін арнап, сыйлықтарын табысталап, қуантып қайтты.



Патриоттық тәрбие бағыты бойынша 1-желтоқсан Президент күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді және сыныштарда тәрбие сағаттары жүргізілді. Жыл сайын Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік тәнірдің берген сыйы» тақырыбында салтанатты жиын өткізіліп, 2,5 класс окушыларын «Жас Ұлан», «Жас қыран» балалар үйимына қабылдады.

Окушыларды азаматтық – патриоттыққа тәрбиелеу және де еңбекке, адамгершілікке, адалдыққа баулу мақсатында «Парасатты азамат» акпараттық стендісі ілініп, «Адал үрпак» клубы өз жұмысын жүргізеді.



Мектебімізде 7-мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр Женіс күніне орай түрлі шаралар өткізіледі. Солардың бірі «Бейбіт күн жасасын әлемде!» тақырыбындағы әскери-спорттық сайыста оқушылар белсенділік танытты.



Мемлекет саясатының басты бағыттарының бірі - Салауатты өмір салтын насхаттау Абай атындағы орта мектебінде жүзеге асырылған. Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен “Зиянды заттардың алдын алдын алу” тақырыбында акция өтуіне байланысты 9-11 класс оқушыларының қатысуымен кездесу, сұхбаттасу өткізілді.

«Мениң денсаулығым-менің болашағым», «Шынықсан-шымыр боласын», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «СПИД-XXI ғасыр індегі» тақырыптарына дәрігер мамандармен бірлесіп, конференция өткізілді. Мектеп медбикесі А. Абдраухова түрлі тақырыптарда мектеп оқушыларына, ата –аналар жиналыштарында дәріс оқыды, карантиндік шаралардың алдын алу мақсатында кластарға үнемі түсінік жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырды.

Оқушыларға «Туберкулездің алдын алу», «Тұмау- өте жүкпалы ауру», «Құтырма ауруы және оның алдын алу» бойынша диктанттар жаздырылды. Дәне тәрбиесі пәні мұғалімдері сабактан тыс уақытта спорттық шаралар ұйымдастырып, салауатты өмір салтын ұстануға бағдарлайды. Оқушыларымыз аудандық теннис, тогызқұмалақ, шахмат турнирлеріне қатысып, жүлделі орындарды иеленді.



Рухани – адамгершілік бағытта бірқатар шаралар жүргізілді. Қысқаша тоқталатын болсак, «Руханилықтың мөлдір бұлагы» бүршіш, көрмелері, оқушыларды отбасы құндылығын түсінуге арналған саңағындағы қойылымдар қойылып, кештер, тәрбие сағаттары өткізілді.



5) Білім алушылардың жеке мұдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың терендептілген және стандартты деңгейі)

(бағаланатын кезеңге көшірмелері қоса берілді)

6) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

N	Оқушының аты – жөні	Сыныбы	ПМПК қорытындысы	Оку бағдарламасы және оқу жоспарының болуы (бұйрық, қосымша №)
1	Куантайұлы Шерхан	2	<p>ПМПК №23508 26.05.2022ж</p> <p>Нарушение опорно-двигательного аппарата</p> <p>Самостоятельно не передвигающийся ребенок.</p> <p>Легкие нарушение интеллекта. ОНР III уровня</p> <p>1. Обучение по индивидуальной учебной программе</p> <p>2. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения в соответствии с индивидуальной программой.</p> <p>3. При обучении использование учебников, рабочих тетрадей для детей с нарушением интеллекта с ЛУО.</p> <p>4. Занятия с дефектологом, логопедом.</p>	<p>✓ 1. КР Оку-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4-қосымша Оқыту қазак тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім берудін,</p> <p>КР Оку-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 9-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымша Оқыту қазак жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік жоспарларына сәйкес 2022 жылдың 31 тамыз №1 педагогикалық кенестің шешімімен жұмыс оқу жоспары әзірленді.</p>
2	Ақылбай Көркем	6	<p>ПМПК № 23507</p> <p>26.05.2022ж</p> <p>Нарушение опорно-двигательного аппарата</p> <p>Самостоятельно не передвигающийся ребенок.</p> <p>Легкие нарушение интеллекта.</p> <p>1. Обучение по индивидуальной учебной программе основного среднего образования.</p> <p>2. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения в соответствии с индивидуальной программой.</p> <p>3. При обучении использование учебников, рабочих тетрадей для детей с нарушением интеллекта.</p> <p>4. Занятия с дефектологом.</p>	<p>«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» КР БЖФМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы 2018 жылғы 20 қыркүйекте бекітілген №496 бұйрығы,</p> <p>2020 жылғы 5 акпандагы №51 бұйрығына,</p> <p>күнтізбелік тақырыптық жоспар жасалды.</p> <p>Мектеп ұстаздары білім беру процесінде сабак жоспарларына ЕББҚ бар білім алушыларға арналған жеке тапсырмалар бере отырып, формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланды. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсетіліп отырды.</p> <p>2. Ерекше білім беруді қажет ететін 2 -сынып білім алушысы Куантайұлы Шерханга, 6 сынып білім алушысы Ақылбай Көркемге 2022-2023 оқу жылына арналған психологияның</p>

			сүйемелдеу жеке жұмыс жоспары жасалынды.
3	Өтегалиқызы Жансая	8	<p>ПМПК № 23509 26.05.2022ж</p> <p>1.Обучение по типовой общеобразовательной учебной программе.</p> <p>КР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ) «КР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыйныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;</p> <p>✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 кыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалды. Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабак жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін окушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланды.</p>

**7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру**

(бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабак кестелерінің көшірмелері қоса берілді)

**8) «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру;**

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарау 25-тармақшасын орындау мақсатында 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті менгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шенберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сыйнып мұғалімдері іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 4-тарау 56-тармақ 6-тармақшасын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дene шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дene шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабактар міндетті болып табылып және оқу процесі кезінде жүргізілді.

4-қосымша,4-тарау,50-тармағын орындау мақсатында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оку курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оку курсының аясында 12 сағаттық жылдық оку жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабактары міндепті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді.

### 9) «Жолда жұру ережелері» міндепті оку курсын іске асыру

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығының 2-қосымшасы,2-тарау,26-тармағын орындау мақсатында «Жолда жұру ережелері» оку курсының мазмұнын 1 – 4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынның сағаттары есебінен және сабактан тыс уақытта сынның жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығының 3-қосымша 2-тарау 38-тармағын орындау мақсатында «Жолда қозғалысы ережелері» оку курсы 5-8 сыныптарда сынныптан тыс уақыттарда және сынның сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып журналының жеке бетінде сабактың тақырыбы мен сабактың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

### 10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №30721 болып тіркелген) бастауыш,негізгі орта,жалпы орта білім беру кызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі-біліктілік талаптары) сактау.

(Педагогтардың біліктілік талаптарының сақталуын растайтын құжаттары қоса берілді.)

### 13. Бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушылардың оку жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оку жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі мен сақталуы

Оку жылы	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
2022-2023	19,5	24	26	26	28,5	28,5	31,5	32,5	34	35	35

2) Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оку жүктемесінің жалпы көлемінің ,сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сынныптар бойынша аптылық және жылдық оку жүктемесі сәйкес және сақталды.

(багаланатын кезеңге вариативтік компонент сабак кестелерінің көшірмелері қоса берілді)

3) Сыныптарды, оның ішінде инклузивті білім беру шенберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сактау

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрігінің 2-көсімшә 3-тарау, 31-тармағын орында мақсатында сыйыптарды, оның ішінде инклузивті білім беру шенберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сактауға сәйкес келмеуіне байланысты топқа бөлінген жоқ.

#### **14) Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын өлшемшарттар:**

1) ЖБП үлгілік оку бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бүйрігімен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оку пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (окытудан күтілетін нәтижелер); (бағаланатын кезеңге білім алушылардың дайындық деңгейінің көрсеткіші қоса берілді)

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бүйрігімен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оку жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастыруышы және жиынтық бағалау талаптарын сактау;

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуін үлгілік ережелерін бекіту туралы» КР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрігінә сәйкес орындалды.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бүйрігімен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклузивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

(бағаланатын кезеңге көшірмелері қоса берілді)

#### **15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:**

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оку бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сактау;

2022-2023 оку жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру үйимдарында меншік насаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру үйимдарында 2022-2023 оку жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кзендерін айөйндау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бүйрігімен бекітілген: Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламасын менгеру мерзімі -4 жыл. Оқу жылының ұзақтығы 1сыныпта -35 оку аптасын, 2-4-сыныптарда 36 оку аптасын құрады.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламасын менгеру мерзімі -5 жыл. Оқу жылының ұзақтығы -36 оку аптасы

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламасын игеру мерзімі -2 жыл. Оқу жылының ұзақтығы -36 оку аптасы

Оқу жылдарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылды. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленді.

2) сыйыптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сактау

1-11 сыйыптарда күзгі каникул 7-күн,(2022 жылғы 31-қазан мен 6-қараша аралығында),қысқы каникул 9-күн(2022 жылғы 31- желтоқсан мен 2023 жылғы 8-қаңтар аралығында), көктемгі каникул 9-күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында)  
1-сыныпта қосымша каникул 7-күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында)  
Орта білім беру үйымдарында оқу жылын бастау туралы бұйрық шығарылды.

### **Қорытындылар мен ұсыныстар**

Аттестациялау комиссиясы ұсынады:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, бітіруші класс оқушылары аралығында жүргізілген кесінділерде көрсеткен білімдерінің деңгейін тексеру, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібілігін жан-жақты талдап, «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-нің өзін-өзі бағалау материалдары Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.
- 2.Мектептің материалдық базасын нығайту мақсатында,қазіргі заман талабына сай жасақтау бағытында жан-жақты жұмыстар жүргізілсін.
- 3.Мұғалімдерінің өз білімдерін жан-жақты жетілдіру, оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінде цифрлық технологияларды қолдану,тәжірибе жинақтау мақсатында түрлі баспа бетіне өз тәжірибелерінен материал жариялау, әдістемелік құралдар әзірлеу, электронды орта даярлап шығару жұмыстары жүйелі түрде жолға қойылсын.
- 4.Мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеру,педагог-шебер,педагог-зерттеуші біліктілік санатты мұғалімдер катарын көбейту мақсатында әдістемелік кенес жұмысы жандандырылсын.
5. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие жұмыстарын, оқушылардың білім сапасын, мектептің материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібілігін жан-жақты талдай келе, өзін-өзі аттестаттау қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының мүшелері: Г.С.Жетбисова

А.К.Айтмаганбетова  
А.К.Калиева  
К.Тулепбергенова  
Т.А.Сагиндыков  
Б.О.Кенжебаева  
А.Әбдіжалиев